

**"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 106 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 346 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 қыркүйекте № 33447 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32078 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

84-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"84. Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бірлескен бұйрығымен бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес электрондық нұсқаны бір мезгілде әзірлей отырып, екі данада жасалады.";

№ 5 қосымшада:

реттік нөмірі 84-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

	Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты Қазақстан				
--	---	--	--	--	--

Республикасы  
Ішкі істер  
министрінің  
2023 жылғы 14  
маусымдағы №  
481 және  
Қазақстан  
Республикасы  
Ұлттық  
қауіпсіздік  
комитеті  
Төрағасының  
2023 жылғы 26  
маусымдағы №  
51/ке ( )  
Нормативтік  
құқықтық  
актілерді  
мемлекеттік  
тіркеу  
тізілімінде №  
32950 болып  
тіркелген) бірле  
с к е н  
бұйрығымен  
бекітілген  
террористік  
тұрғыдан осал  
объектілердің  
терроризмге  
қ а р с ы  
қорғалуының  
үлгілік  
паспортына  
және Қазақстан  
Республикасы  
Үкіметінің 2021  
жылғы 6  
мамырдағы №  
305 қаулысымен  
бекітілген  
террористік  
тұрғыдан осал  
объектілердің  
терроризмге  
қ а р с ы  
қорғалуын  
ұйымдастыруға  
қойылатын  
талаптарға  
с ә й к е с  
электрондық  
нұсқаны бір  
мезгілде әзірлей

отырып, екі данада жасалады				
-----------------------------	--	--	--	--

"

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай игеру және өндіру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің міндетін атқарушы*

*Ж. Нурмаганбетов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қорғау қызметі